

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KGMQ2582>***Г. Ә. Мұсаева¹, М. П. Ешимов², С. Р. Нұртілеуова³**^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: gulbagizamusaeva@gmail.com¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1776-128X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0547-4593>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0468-6105>

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕГІ ШАҚ ФОРМАЛАРЫ

Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертуде қазақ тіліндегі етістіктің шақ формаларын ұсынудың әдістемелік ұстанымдары мен оны үйретудің алгоритмі туралы сөз болады. Кез келген тілді үйретудің мақсаты – тіл меңгерушінің коммуникативтік құзыретін қалыптастыру.

Қазақ тілінің жалғамалы табиғаты тілдік материалды беруде жүйелілікті талап етеді. Тіл меңгертудің алғашқы деңгейінде коммуникативтік әдіс басшылыққа алынса, жоғары деңгейлерде берілетін материалдың түрлі мағыналық реңктерді білдіретін грамматикалық, структуралық ерекшеліктері тілдің құрылымдық-мағыналық жағына баса назар аударуды қажет етеді. Қазақ тілінің шақ категориясының тілдегі көрінісі де осындай күрделі тілдік материалдардың біріне жатады. Осыған орай, бұл жұмыста қазақ тіл біліміндегі шақ, рай категориясы туралы зерттеулерге шолу жасалады да, XX ғасырдағы қазақ тіл білімінде жасалған зерттеулерде етістіктің шақ және рай категорияларының формасы мен мазмұнындағы сараланған ерекшеліктер тілді меңгертуде үлкен көмекші құрал бола алатынын айтады. Автор аталған зерттеулерге сүйене отырып, қазақ тіліндегі шақ, рай категорияларын тілді өзге тілді аудиторияда меңгерту барысында қолайлы әрі тиімді болатындай жүйе жасап, оның кестесін ұсынады.

Сонымен қатар мақалада қазақ тілі білімі ғалымдары атап көрсеткендей, шақ формаларының арасындағы айырмашылық әртүрлі мезгілдік мағына білдіруінде ғана емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасына байланысты екенін ескере отырып, тіл меңгерушінің тілдік қарым-қатынас жасап үйрену мақсатына

сай, көп жылдық тіл үйрету тәжірибесіне негізделген, етістік шақтарының формасы мен мазмұны сараланған қазақ тіліндегі шақ, рай категорияларын ұсынудың алгоритмі көрсетіледі.

Кілтімі сөздер: қазақ тілін меңгеру, етістіктің шақ, рай категориясы, тіл үйрету, темпоралдылық, алгоритм.

Кіріспе

Тіл – қарым-қатынас құралы десек, тілді меңгерту үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болмақ. Кез келген тілді шет тілі ретінде меңгерудің мақсаты да – осы.

Қазақ тілінің жалғамалы құрылымы тілді үйретуде жүйелілікті ұстануды талап етеді. Тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде коммуникативтік әдісті басшылыққа ала отырып, тілдік материалды жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік болғанымен, жоғары деңгейлерде берілетін материалдың түрлі мағыналық реңктерді білдіретін грамматикалық, структуралық ерекшеліктері үйренушіге тілдік материалды ұсынуда тілдің құрылымдық-мағыналық жағына баса назар аударуды талап етеді. Қазақ тілінің шақ категориясының тілдегі көрінісі де осындай күрделі тілдік материалдардың біріне жатады. Ол қиындықтар А. Ысқақов, біріншіден, шақ мазмұнының бір-бірімен ұштасып жатқандығы, шақ формаларының жігінің ашылмағаны, екіншіден, қазақ тіліндегі рай категориясы мен шақ категориясының бір-бірінен мазмұн мен форма шегінің ажырамағандығынан деп түсіндіреді [1, 322-6.]. Олай болса, қазақ тілін меңгерту мақсатында бастапқы деңгейден бастап, шақ формаларының мағынасын ғана емес, оның сөйлеудегі, тұтас мәтіндегі шақтық (темпоралдық) мағыналарын түсінуге жағдай жасайтындай етіп тілдік материалды ұсыну жолдарын қарастыру шарт.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу тақырыбы аясында ғылыми теориялық материалдар талданып, оларға шолу жасалынды.

Жұмысты жазу барысында ғылыми зерттеу нәтижелерін жинақтау, талдау, салыстыру, модельдеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

«Тілді үйрету үшін үйретудің негізгі үш тәсілі: ұсыну, табу, зерттеу жолдары оқыту қолданысында болғаны тиімді» – деп көрсетеді отандық әдістемеші Қ. Қадашева. Автордың айтуы бойынша, ұсыну жолымен үйрету тәсілі бойынша берілетін тіл материалы жүйелі, ретті берілуі керек. Мұнда ұстаным, ұғым ерекшеленеді. Білім деңгейінде сұрап, қайта түсіндіру қажет болады. Табу жолымен үйрету тәсілі негізінен үйренушінің өз қабілетіне байланысты. Мұнда оқытушы үйренушінің білім деңгейін дамытып отырады. Ал зерттеу жолымен үйрету тәсілі проблемалық шешу деңгейіне

бағытталған әдіс. Мұнда үйренуші өз әрекетімен зерттеуді, толықтыруды және қарастыруды өз міндетіне алады [2, 55–56–бб.].

Тілді шет тілі ретінде оқытқанда әдіс-тәсілдердің барлық түрі қолданылады. Әсіресе түркі тілдерін үйрету барысында, тілдегі жұрнақ, жалғаулардың мағыналық, қолданыстық ерекшеліктерін түсінуде жоғарыда айтылған үш тәсіл ретімен қолданылса, тілді үйретудің тиімділігі артатыны хақ. Осы салада грамматиканың рөлі мен орны жөнінде Л. В. Щербаның «... специально под языком мы понимаем едва ли не в первую очередь его грамматику» деген пікірі осы күнде де өзекті болып отыр [3, 5–6.]. В. Ф. Занин шетелдіктерге тілді оқытудың практикалық бағыты сабақтардың таза «грамматикалық» ережелерді жаттатуды көздемей, коммуникативтік жаттығулардың көмегімен сөйлеуге үйретсе де, оқытушының өзінің жұмысында грамматика сабақты ұйымдастырудың өзегі болып отыратынын айтады [4, 264–б].

Амал-әрекет, қимыл-қозғалыс әрқашан мезгіл ұғымдарымен байланысты орныдалады. Ал тілдесімдегі уақыт ұғымы 1) лексика-грамматикалық құралдармен (етістіктің шақ категориясымен); 2) белгілі лексикалық бірліктермен (жазда, қазір т.с.с. сөздермен); 3) синтаксистік құрылымдармен (барғанда, оқығанда) беріледі. Осының ішіндегі ең маңыздысы етістіктің шақ категориясы болып табылады [5, 60–б]. 2002 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасында» етістіктің шақ категориясына мынадай түсінік береді: «Қимыл – іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, бірақ болатынын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы шақ категориясы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтық мағынасы мынадай болады:

1) үнемі қайталанып, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет;

2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет;

3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл, іс-әрекеттер.

Осыған байланысты шақ категориясы морфологиялық белгісіне (есімше, көсемше) және жіктік жалғау), шақтық мағынасына қарай өткен шақ, осы шақ, келер шақ атап көрсетіледі [6, 515–б.]. Осы еңбекте өткен шақ жедел өткен шақ (-ды/-ді/-ты/-ті), бұрынғы өткен шақ (-ған/-ген,-қан/-кен, -ып/-іп/-п, +еді (күрделі түрі), ауыспалы өткен шақ (атын/-етін/-йтын/-йтін) деп жіктеледі. Осы шақ нақ осы шақ (қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы), нақ осы шақтың күрделі түрі (-ып/-іп/-п + қалып етістіктері) және ауыспалы осы шақ (-а/-е/-й) деп жіктелсе, келер шақ болжалды (-ар/-ер/-р), мақсатты (-мақ/-мек/-бак/-бе/-пак/-пек, кейде + шы/-ші), ауыспалы келер шақ (-а/-е/-й) деп топтастырылған.

Қазақ тіл білімінде етістіктің шақ категориясы туралы А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбай және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен сөз болады. Етістіктің үш шағын іштей саралауда түрлі ұйғарымдар жасайды. Қ. Жұбанов бір мезгілдің өзінде болатын іс-әрекеттің түрлі өңін көрсететінін ескеріп, өткен шақтың өзін іштей 9 түрге, келер шақты 5 түрге, осы шақты дағдылы осы шақ және дәл осы шақ деп екіге бөледі де, дағдылы осы шаққа (*жазады, оқиды*) формасын, дәл осы шақты 4 түрге ажыратады [7, 388–389-бб.].

Ы. Маманов шақ формаларының мағыналық ерекшелігіне баса назар аударған ғалым. Өткен шақ формаларының арасындағы айырмашылық әртүрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасында екенін дәлелдейді. Өткен шақтағы жедел өткен шақ формасы өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдіреді (*Мен кітапханаға кеттім*). Бұрынғы өткен шақ болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады (*Мен ол жігітті жақсы танымын, институтта бірге оқығанбыз*). Егер өткен шақ формасын сөйлеуші өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен немесе басқа бір жағдай арқылы білдірсе, оны ежелгі өткен шақ формасында баяндайды, алайда ғалым бұл шартты атау екенін айтады. (*Қайырбек кеше Москвадан қайтыпты*). Дағдылы өткен шақ сөйлеу кезінен кем дегенде жарты не бір жыл бұрын болып өткен істі, қимылды білдіреді және істің, қимылдың ертеректе бірнеше рет қайталанып, әдетке, дағдыға айналғандығын көрсетеді. Оның синтетикалық және аналитикалық тәсілдері бар (*Шешелер, малышлар болып – баршасы телміре тыңдайтын. Әбдірахман әкесі үшін қатты қиналып, оңашада ұзақ ойланып жүруші еді*). Қатысты өткен шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын болып өткен іс, қимылмен ұштасып, соған байланысты өткенін немесе белгілі бір мезгіл ішінде өткенін көрсетеді (*Мен кеше киноға барып едім*). Еді көмекші етістігі өткен шақ көсемше (-п, -ып, -іп) және өткен шақ есімше (-ған/-ген/-қан/-кен) және қалып етістіктермен тіркесіп қатысты өткен шақ формаларын жасайды. Ал келер шақ жөнінде ғалым «сөйлеу кезінен кейін болатын істі, қимылды білдіретін етістік формасы» деген анықтама береді де, оның үш түрін көрсетеді: а) ауыспалы келер шақ (*жаз+а+мын*), ә) болжалды келер шақ (*жаз+ар+мын*), б) ниет келер шақ (*жаз+бақ+пын*). Көсемшенің -а/-е-й формасымен жасалған етістіктің шақ көрсеткішін Ы. Маманов ауыспалы осы шақ емес, ауыспалы келер шақ формасы деп атайды. Себебі дәл осы сәтте не істеп жатырсың деген сұраққа жауап бере алмайды, сондықтан оның негізгі мазмұны келер шаққа тән екендігін айтады. Контексте ғана, яғни көлемдік

үстеулермен (*қазір, осы кезде, бүгін, осы айда, биыл т.б.*) тіркескенде осы шақтық мағынаны көрсетеді.

Ал осы шақтың арнайы грамматикалық шақ көрсеткіші жоқ. Қазақ тілінде осы шақ қалып етістіктеріне және созылыңқы сыпатқа жіктік жалғауы тікелей жалғану арқылы жасалады. (*Мен отырмын. Мен жазып жатырмын*). *Отыр, тұр* көмекші етістіктері қимылдың дәл сөйлеу кезінде болып жатқанын білдіреді. (*Сағат жүріп тұр. Иман кітап оқып отыр*), *жүр* көмекші етістігі арқылы жасалған созылыңқы сыпаттың осы шақтық мағынасы кеңірек уақытты қамтиды. (*Мұның шеңбері ай, жылмен шектеледі. Мен биыл кружокқа қатысып жүрмін*). Жатыр көмекші етістігі салт етістікпен тіркескенде, нақ сөйлеу кезінде болып жатқан қимылды білдіреді. Алайда объектінің түріне қарай мезгілдік шеңбер әртүрлі болады. (*Дүйсен үйде кітап оқып жатыр. Дүйсен институтта оқып жатыр.*) Жатыр көмекші етістігі отыр, тұр, жүр көмекші етістіктеріне қарағанда көп қолданылады да, кейде олардың орнына жұмсала береді [8, 123–143–бб.].

А. Ысқақов етістіктің шақ категориясы туралы тың пікір білдіреді. «Шақ формаларын сыртқы тұлға-түрлеріне қарай да, ішкі мазмұн өзгешелігіне қарай да жіктеуге болады. Бірақ қашан да болсын мазмұн түрге жетекші болатынын ескергенде, шақтарды да мағыналарына қарай жіктеу, әрі олардың мазмұнын тану үшін, әрі баяндау жүйесі ықшам болу үшін қолайлы да, ұтымды да болады. Сондықтан семантикалық сипаттарын ескере отырып, өткен шақты анық (айғақты) өткен шақ, танық (айғақсыз) өткен шақ және неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ деген үш салаға бөлуге болады» [1, 327–6.].

Ғалым осы шақты грамматикалық сипатынан туатын мағыналық ерекшеліктеріне және оларлы білдіретін амал-тәсілдердің қызметтеріне қарай үш түрге бөледі:

1) Жалпы осы шақ көсемшенің -а/-е/-й жұрнағы арқылы жасалады. (*Ол агроном болып істейді.*) Бұл форма жалпы осы шақ қана емес, іс-әрекетті бұрын болғандай, қазір болып жатқандай және келешекте шүбәсіз болатындай етіп суреттеп көрсету үшін де жұмсала беретінін айтады. Сондықтан ауыспалы шақ формасы деп аталады дейді.

2) Нақ осы шақ көсемшенің -п/-іп/-п және -а/-е/-й формасына қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы немесе 4 етістік жіктеліп жасалады. (*Айтып отырмын. Мен отырмын*). Сондай-ақ жай-күй етістіктері қатысатын тіркестер үнемі нақ осы шақты білдірмей, созылыңқы, шұбалыңқы процесті білдіретінін айтады.

3) Неғайбыл осы шақ көсемшенің -ғалы/-гелі/-қалы/-келі формасына қалып етістіктерінің тіркесуі (*барғалы жатыр*) және -йын/-йін деп форманты жалғанған етістікке төрт қалып етістігінің тіркесуі (*барайын деп жатыр/тұр*) арқылы жасалады.

Келер шақ мағыналар мен тұлғалық түрлеріне қарай жалпы (анық) келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты (арнаулы) келер шақ деп үшке бөледі.

1) Жалпы (анық) келер шақ амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіреді. Көсемшенің -а/-е/-й жұрнағы арқылы жасалады (*барамыз, келеміз*);

2) Болжалды келер шақ формасы есімшенің -ар/-ер-р жұрнағы арқылы жасалып, істелетін амал-әрекеттің жүзеге асу, аспауы күдікті, екі талай екенін білдіреді (*барармыз, жазармыз*);

3) Мақсатты (арнаулы) келер шақ формасы іс-әрекеттің шүбәсіз, күдіксіз жүзеге асатынын және онда бір мақсат бар екенін қоса білдіреді. Оның формасы есімшенің -мақ/-мек/бақ/-бек/-пақ/-пек және кейде оған -шы/-ші дәнекері қосылуы арқылы жасалады (*алмақпын, алмақшымын*).

Осындай күрделі де қызықты етістіктің шақ категориясына шолу жасай келе, бұл мәселені біз тіл үйрету тұрғысынан бастапқы деңгейден бастап, қалай топтастырған жөн деген сұраққа жауап іздедік.

Қазақ тіліндегі шақ категориясының жүйесі өзге тілдер секілді негізгі үш топқа бөлініп қарастырылады, алайда жоғарыда аталған еңбектерден созылыңқы, шұбалыңқы процесті білдіретін, яғни нақ бір шаққа онша тәуелді емес формалар туралы айтылады. Бұл ауыспалы осы шақ көсемшенің -а/-е/-й жұрнағы арқылы жасалған шақ формасы мен көсемшенің -ып/-іп/-п формалы етістігіне жатыр, жүр қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалған етістіктің шақ формасы, шын мәнінде, қазақ тілді өзге тілді азаматтарға үйреткенде осы шақ категориясына жатқызу нақтылықты талап етеді. Мына мысалдарды салыстырып көрелік:


1) *Мен қазір университетте оқимын / оқып жүрмін / оқып жатырмын. Күн күркірейді, найзағай жарқылдайды.*

1) *Балалар футбол ойнап жүр. Бала ұйықтап жатыр. Мен кітап оқып отырмын.*

Мұндағы бірінші топтағы сөйлемдер мен екінші топтағы сөйлемдердің мағынасының айырмашылығы айтарлықтай көрініп тұрады. Бірінші жағдайда амал-әрекеттің ұзақ уақыт аралығын немесе үнемі болатын процесті көрсетсе, екінші жағдайда дәл осы шақтағы әрекетті білдіріп отыр. Мұнда шақ формасы темпоралдылығымен қоса, аспектуалдық, яғни қимылдың өту сипатымен ерекшеленіп тұр. Ендеше, тіл үйретудің алғашқы (А1) деңгейінен бастап тілдегі шақтардың осы ерекшелігін жеке атап көрсеткен жөн. Әрине, терминмен беруге де болады, бірақ тіл үйренушілердің бәрі бірдей филолог маман бола бермейтіндіктен, форманың тілдегі жұмсалымдық атауын берген жөн деп санаймыз. Сонымен, тіл үйреткенде етістіктің шақтарын шартты түрде үшеу емес, төрт шаққа топтастырамыз: өткен уақыттағы әрекет, дәл

қазіргі әрекет, болашақ әрекет және үнемі (күнде) болатын әрекет. 1-кестеде былай көрінеді [9, 145-б.].

Кесте 1 – Базалық кесте.



Біздің тіл үйрету тәжірибемізде алғашқы *тұру, оқу, жұмыс істеу, демалу* сияқты етістіктермен мағынасы тынбай жүріп жататын немесе дағдылы қалыпта болып тұратын амал-әрекеттерді білдіретін көсемшенің -а/-е/-й жұрнағы жалғанатын ауыспалы шақ формасын ұсынамыз. Бұл формамен тіл үйренуші қайда оқитынын, қайда тұратынын, егер жұмыс істесе, қайда жұмыс істейтінін немесе әдетте отбасымен, достарымен қайда демалатынын айтып үйренеді. Сөйлем құруға *әдетте, күнде, үнемі, әрқашан, қазір* сияқты көлемдік мағынаны беретін мезгіл үстеулер қоса беріледі. Сондай-ақ форма арқылы етістіктердің болымды, болымсыз мағынасын, сұраулық шылауды етістіктермен қолдана білуді, етістіктердің жіктелу ерекшеліктеріне жаттығып, жалпы етістіктерді қолдана білуге машықтанады.

Келесі қадамдарда осы кестені оқу мақсатына сай өтетін тілдік материалдарға сай толықтыра береміз. Етістіктің шақ формаларын ұсынудың алгоритмі біздің тәжірибемізде төмендегідей болмақ.

1 Дағдылы амал-әрекетті қолдануды үйрену. Көсемшенің -а/-е/-й жұрнағымен жасалған етістіктің ауыспалы осы шағы.

Мен Алматыда Абай көшесінде нөмірі 140-үйде тұрамын. Мен университетте бірінші курста оқимын.

2 Іс-әрекеттің мақсаты мен бағытын үйретуге байланысты *Кімге не керек? Не үшін керек? Ол үшін қайда бару керек?* құрылымдарымен жұмыс істеу барысында *бару, келу, әкелу, апару* 4 қимыл етістіктерінің нақ осы шақтағы формасы беріледі. *Бар+а / кел+е / әкел+е/ апар+а жатыр.* Мысалы: *Маған қазақша үйрену керек. Сондықтан қазір сабаққа бара жатырмын.*

3 Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимыл-әрекеттің болып жатқанын, өтіп жатқанын айта алу. Төрт қалып етістігімен берілетін амал-әрекет және нақ осы шақтық көсемшенің -ып/-іп/-п формасымен берілетін күрделі формасы.

Мен сабақта отырмын. Мысық үстелдің астында жатыр. Аялдамада адамдар автобус күтіп тұр. Аулада екі-үш бала ойнап жүр.

Осындағы *жүр* және *жатыр* көмекші етістікпен келетін іс-әрекеттің кейбір контексте дәл сол мезеттен гөрі ұзағырақ мерзімді қамтитынын ескере отырып, бұл (-ып/-іп/-п *жүр/жатыр*) форманы біздің кестемізде көсемшенің -а/-е/-й формасымен берілген ауыспалы осы шақ етістіктердің жанына да орналастырамыз. Мысалы: *Мен университетте оқып жүрмін / оқимын. Қазір Алматы қаласында тұрып жатырмын / тұрамын.*

4 Сөйлеу кезінен бұрын болған іс-әрекетті айта алу. Етістікке -ды/-ді/-ты/-ті жұрнағы жалғану арқылы жасалған шақ формасы. Бұл форма басқа өткен шақ формалары сияқты өткен іс-қимылған үстеме мағына бермейді. Тек сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрынғы амал-әрекет туралы хабарлау түрінде баяндауды білдіреді. *Мен 2005 жылы Алматы қаласында тудым. Мен кеше достарыммен театрға бардым. Сабаққа 25 автобуспен келдім.*

5 Мәтінде кездесуіне қарай өткен шақ мағынасындағы есімшенің -ған/-ген формасы беріледі. Алайда оны бұрынғы өткен шақ деп атап бере алмаймыз. Оның себебі -ған/-ген формасы арқылы кеше болған әрекет туралы айтқанда да қолдануымыз мүмкін. Бұл екі форманың аражігін Ы. Маманов айқындап берген [8]. «-ды/-ді формасы амал әрекетті тек хабарлап баяндап берсе, -ған/-ген формасы сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қоладанады» Сондықтан -ды/-ді формасы мен -ған/-ген формасын тек контекст арқылы түсіндіре аламыз.

6 Сөйлеу кезінен кейін болған амал-әрекетті, қимыл-қозғалысты білдіретін ауыспалы келер шақ көсемшенің -а/-е/-й формасы ұсынылады. *Мен ертең театрға барамын. Мен келесі жылы еліме қайтамын.*

Тіл меңгерудің А1-А2 деңгейінде қамтылатын жоғарыда берілген етістіктің шақ формаларымен қоса, етістіктің қалау райы, бұйрық райы, шартты рай және іс-әрекетті істей алу/алмау формалары, есімшенің -ған/-ген/-қан/-кен және -атын/-етін/-йтын/-йтін формаларының сөйлемдегі заттық, сипаттық мәнде жұмсалыу ерекшеліктері үйретіледі. Бұл – тіл үйренуде етістік категориялары бойынша берілетін базалық грамматикалық материал.

Жоғары В1, В2 деңгейлерінде көбінесе, күрделі құрмалас сөйлемдердің құрамындағы етістіктің шақ, рай, модальдық категорияларының түрлі мағыналық ренктері базалық деңгейдің материалына сүйене отырып

ұсынылады. Етістіктің белгілі бір шақта жұмсалудағы тілші ғалымдардың айтып өткен шақ формаларының дағдылық-дүркіндік, болжалдық, мақсат-ниеттік, т.б. мәтін құрамына қарай талданып ұсынылғаны жөн.

Базалық грамматика болып табылатын шақ формалары жұмсалуда ең қарапайым, яғни мағынасы, сөйлемде беретін мәні нақты, айғақ болып келеді: *көрді* (өткен шақ), *көріп отыр* (қазір), *көреді* (күнде немесе ертен). Бұл шақ формаларынан басқа көрсеткіштер белгілі бір шақтың атымен аталғанымен (бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, мақсатты келер шақ, болажалды келер шақ т.с.с.), олардың ерекшелігі амал-әрекеттің орындалатын мерзімінен гөрі, айтылымға қосымша семантика үстеуінде болып отыр. Оны жоғарыда тілші ғалымдар еңбектерінде атап өтеді. Сондай-ақ іс-әрекеттің болжалдық, мақсат-ниеттік, танықтық мәндері тек бір шаққа ғана тәуелді емес екендігі де мәлім. Тек болашақ әрекетті ғана болжамаймыз (болжалды келер шақ), өткен, қазіргі әрекетті де болжай аламыз. Мақсатты келер шақ бар болса (-мақ/-мек), өткендегі мақсатымызды, қазіргі мақсатымызды қалай айтамыз деген мәселе тіл үйрету процесінде туындайтыны хақ. Олай болса, академиялық грамматикада қазақ тіліндегі шақтық мағына беретін формалардың атауында олардың мағынасы түсіндірілсе, тілді үйретуде инофонға олардың тілдегі жұмсалымдық қызметінің толық картинасын ұсына алу қажет.

Көсемшенің -ып/-іп/-п формасының жіктелуі арқылы берілетін өткен шақ формасы өткен істің мезгілін білдірмей, жоғарыда айтқандай оған жаңа семантика үстейді. Сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен немесе басқа жағдай арқылы білсе, осы формамен баяндалады [5, 130-б.]. Бұл форманы оқу мәтіндерінің мазмұнын айтуда, хабарды басқа адамға жеткізуде қолданып үйренеді. Бұл мәннің де кестемізде барлық шақта қолданылу формаларын көрсетеміз.

Ол кеше киноға барыпты. Ол қазір киноға бара жатыр екен. Ол күнде киноға барады екен. Ол ертең киноға барады екен.

Денсаулық, спорт, әуес іс тақырыптары аясында амал-әрекеттің дағдылық, дүркіндік мағынасын есімшенің -атын/-етін/-йтын/-йтін формасы арқылы ұсынған тиімді. Мысалы: *Мен бала кезімде футболды көп ойнайтынмын, қазір, өкінішке қарай, ондай мүмкіндігім жоқ.* Осы сөйлеу кезінен бұрын болған іс-қимылдың дүркінділігін -у+шы еді, у+ші еді формасымен де беруге болатынын ескерген дұрыс. *Мен бала кезімде футболды көп ойнаушы едім. Іс-әрекеттің дағдыға айналуы үшін уақыт керек болғандықтан, бұл мәнді тек өткен іс-қимылға ғана қолдана аламыз екен.*

Есімшенің -ар/-ер/-р жұрнағы болжалды келер шақты білдіреді. Яғни сөйлеу сәтінен кейінгі амал-әрекеттің орындалу-орындалмауын айқын

көрсетпей, болжап қана білдіреді. Осы мәнді есімшенің *-атын/-етін шығар* құрылымымен де беруге болады. Іс-әрекеттің болжалды мәні тек болашақпен ғана байланысты болмай, сөйлеу сәтіне дейінгі амал-әрекетке, сөйлеу сәтіндегі іс-әрекетке де байланысты қолданыла береді. Сондықтан жоғарыдағы кестеге болжалды мәnniң барлық шақтағы формасын көрсетеміз.

Өткен шақтық, қазіргі және болашақтағы болжалды мән:

Ол кеше келген шығар.

Ол қазір келе жатқан шығар.

Ол ертең келетін шығар (келер)

Шақ формаларындағы тағы бір мағына іс-қимылдың мақсатын, ниетін білдіру. Ол есімшенің *-мақ/-мек/-бак/-бек/-пақ/-пек*, кейде *+ -шы/-ші* дәнекері арқылы беріледі.

Бұл форманы саяхат, жоспар құру тақырыптарымен берілген дұрыс деп санаймыз.

Кестемізде түрлі шақтағы формасын көрсетіп оқушыға ұсынамыз.

Мен кеше театрға бармақ болдым. Мен ертең театрға бармақшымын.

Есімшенің *-ғалы/-гелі* формасы сөйлемде мақсаттық мағынаны білдіретіндіктен, дәл қазіргі әрекеттің мақсатын айтуда қолдана аламыз.

Мен қазір театрға барғалы жатырмын.

Сонымен, шақ категориясы – өзіне тән мазмұны мен формалары бірте-бірте қалыптасып, бір жүйеге түскен грамматикалық категория. Шақтың мазмұн, тұрпаты шегі адамның сөйлеп я сөйлесіп отырған кезіне байланыстырылады. Соған қарамастан бүтіндей мәтін көлемінде кейде шақтардың аражігін ажырату тіл үйренушіге қиындықтар әкелетіні сөзсіз. Мысалы, есімше, көсемше көрсеткіштеріне және отыр, тұр, жүр, жатыр қалып етістіктеріне *еді, екен, болу* көмекші етістіктері тіркессе, жаңа модальдық семантика үстеледі. (*Ған еді/екен/ болды(болады/болыпты/ болмақ...), атын еді/екен/болды ..., са еді/екен/болды/болады/болыпты ...мақ еді/екен/болды/болады*). Бұл жөнінде ғалымдар сөйлемдегі етістіктің қимылды білдіруі жеткіліксіз. Себебі өмірде қимыл әртүрлі жолдармен жүзеге асады. Қимылдың жасалуындағы әр алуан ерекшеліктерді білдіретін әдістер мен тәсілдер, сан алуан көрсеткіштер барлық тілде бар [10]. Тілдердегі модальдылық жан-жақты Ф. Р. Пальмердің еңбегінде сөз болады [11]. Ал іс-әрекеттің қандай да бір уақыт аралығындағы өту сыпатын танытып тұратын темпоралдылық категориясы қарастыратыны айтады. [12, 125-6].

Тіл үйрету мәтіндері әр деңгейге сай бейімделіп алынады. Сондықтан мұндай күрделі аналитикалық форманттермен келетін құрылымдар да тіл меңгерудің В1-ден жоғары деңгейлерінде оқытылуы тиіс. Бұл формалардың мән мағынасын контексте талданып меңгерілгені абзал. Біз көрсетіп отырған базалық кесте бойынша [9, 145-6.], етістіктің барлық шақ категориясын,

рай категориясын, олардың модальдық реңктерін, есімшенің сөйлемдегі есім қызметіндегі сипатын, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдарын да түсіндіріп беруге негіз бола алады.

Мысалы, қалау райы: *Менің қазақ тілін үйренгім келді/ келіп отыр/ келеді. Есімше: үйренген тіл, үйреніп жатқан тіл, үйренетін тіл. Төлеу сөз: Ол келгенін айтты. Ол келе жатқанын айтты, Ол келетінін айтты.*

Қорытынды

Мақалада тіл меңгерудің бастапқы деңгейінен бастап жоғары деңгейлеріне дейін қазақ тіліндегі етістіктің шақ формаларының мазмұндық, мағыналық ерекшелігін ескере отырып меңгерудің алгоритмі мен олардың жұмсалымдық-тақырыптық аясы анықталып берілді.

Әдіскер ғалым Қ. Қадашева көрсеткен тіл үйретудің негізгі үш тәсілі: ұсыну, табу, зерттеу жолдары дәл осы қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясын меңгеруде мұқият қолданылатын әдіс. Тақырыпты ұсыну қатаң жүйелілікті, реттілікті талап етеді. Одан әрі түрлі жаттығулардың көмегімен үйренушінің зердесіне сіңіру – ол ұстаздың шеберлігі аясындағы мәселе.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі [Текст]. – Алматы. – 1991. – 384 б.
- 2 **Қадашева, Қ.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Текст]. – Алматы : Мұрагер. – 2005. – 176 б.
- 3 **Харитонов, О. В., Панова, Л. В.** Грамматический уровень лингводидактического дискурса преподавателя русского языка на довузовском этапе обучения [Текст] // Мир науки. Педагогика и психология. – 2019. – № 1. – С. 1–9. <https://mir-nauki.com/PDF/42PDMN119.pdf>
- 4 **Занин, В. Ф.** Просто грамматика [Текст] // Живая методика для преподавателя русского языка как иностранного. – Москва, 2009. – С. 261–264.
- 5 **Мусабекова, Н. Ч.** Конструкции со значением времени на уроках по РКИ (начальный этап обучения) [Текст]. – 2017. – № 8(17). – С. 8–16. <http://webofsholar.com>
- 6 Қазақ тілі грамматикасы [Текст]. – Алматы. – 2002. – 784 б.
- 7 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст]. – Алматы. – 2010. – 581 б.
- 8 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Текст]. – Алматы. – 2014. – 640 б.
- 9 **Мусаева, Г. А.** Қазақ тілі шет тілі ретінде [Текст]. – Алматы: Қазақ университеті. – 2017. – 243 б.

10 **Жүнісова, А.** Функционалды грамматикалық категория ұғымдары туралы кейбір мәселелер [Текст] // ҚазҰУ хабаршысы. – Филология сериясы. – 2013. – № 1–2(141–142). – 179–183 бб.

11 **Palmer, F. R.** Modality and the English modals [Текст]. – London. – 1979. – 196 p.

12 **Жаңабекова, А.** Функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы / Қазақ тілінің функционалды грамматикасы [Текст]. – Алматы. – 2011. – 385 б.

References

1 **Үсқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі [Modern Kazakh language] [Text]. – Алматы, 1991. – 384 p.

2 **Қадасшева, К.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Methods of teaching the Kazakh language] [Text]. – Алматы : Мұрагер, 2005. – 176 p.

3 **Xaritonova, O. V., Panova, L. V.** Grammaticheskij uroven` lingvodidakticheskogo diskursa prepodavatelya russkogo yazy`ka na dovuzovskom e`tape obucheniya [Grammatical level of the linguodidactic discourse of a Russian language teacher at the pre-university stage of training] [Text] // Mir nauki. Pedagogika i psixologiya. – 2019. – № 1. – P. 1–9. <https://mir-nauki.com/PDF/42PDMN119.pdf>

4 **Zanin, V. F.** Prosto grammatika [Just grammar] [Text] // Zhivaya metodika dlya prepodavatelya russkogo yazy`ka kak inostrannogo. – Moskva, 2009. – P. 261–264.

5 **Musabekova, N. Ch.** Konstrukcii so znacheniem vremeni na urokax po RKI (nachal`ny`j e`tap obucheniya) [Constructions with a time value in RCT lessons (the initial stage of training)] [Text]. – 2017. – № 8(17). – P. 8–16. <http://webofsholar.com>

6. Қазақ тілі грамматикасы [Grammar of the Kazakh language] [Text]. – Алматы, 2002. – 784 p.

7 **Zhybanov, K.** Қазақ тілі зһөніндегі зерттеулер [Research on the Kazakh language] [Text]. – Алматы, 2010. – 581 p.

8 **Mamanov, Y.** Қазақ тілі білімінің мәселелері [Problems of the Kazakh language] [Text]. – Алматы, 2014. – 640 p.

9 **Musaeva, G. A.** Қазақ тілі шет тілі ретінде [Kazakh as a foreign language] [Text]. – Алматы: Қазақ университети, 2017. – 243 p.

10 **Zhynisova, A.** Funkcionaldy grammatikalыk kategoriya ұғымдары туралы кейбір мәселелер [Some questions about the concepts of functional grammatical category] [Text] // ҚазҰУ хабаршысы. – Филология сериясы. – 2013. – № 1–2 (141–142). – 235 p.

11 **Palmer, F. R.** Modality and the English modals [Text]. – London, 1979. – 196 p.

12 **Zhаңабекова, А.** Funkcionaldy-semantikalyқ temporaldylyқ kategoriya / Қазақ тілінің funksionaldy grammatikasy [Functional-semantic temporality category / functional grammar of the Kazakh language] [Text] – Almaty, 2011. – 385 p.

04.08.23 ж. баспаға түсті.

17.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. А. Мусаева¹, М. П. Ешимов², С. Р. Нуртилеуова³

^{1,2,3}Казахский национальный

университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 04.08.23.

Поступило с исправлениями 17.04.24.

Принято в печать 26.08.24.

ВРЕМЕННЫЕ ФОРМЫ В ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

В статье говорится о методике преподавания временных форм глагола и их алгоритме при изучении казахского языка как иностранного. Основной целью в преподавании какого-либо языка является формирование коммуникативной компетенции учащегося. Так как казахский язык относится к агглютинативной группе языков, подача материала должна быть последовательной. Если на начальном уровне акцент делается на коммуникативный метод обучения, то на более продвинутом уровне особое внимание требуется уделять структурно-семантическим особенностям языка при подаче грамматического материала. Временная категория казахского языка является одной из сложных грамматических тем в преподавании КазКИ. В связи с этим, изучив работы исследователей казахского языкознания XX века, автором в работе представлены отличительные особенности не только формы, но и содержания категории наклонения и временной формы глагола. Это является вспомогательным материалом в обучении КазКИ.

Опираясь на указанные в статье исследования, автор предлагает таблицы категории времени и наклонения глагола в казахском языке, которые помогают делать процесс усвоения языка эффективным.

Таким образом, в работе представлен алгоритм усвоения категорий времени и наклонения глагола в казахском языке с дифференцированной формой и содержанием, исходя из многолетнего опыта преподавания КазКИ и, принимая во внимание исследования, в которых показаны различия не только в выражении разных временных форм, но и обусловлено их семантикой.

Ключевые слова: изучение казахского языка, категория наклонения и времени глагола, изучение языка, темпоральность, алгоритм.

*G. A. Mussayeva¹, M. P. Yeshimov², S. R. Nurtileuova³

^{1,2,3}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 04.08.23.

Received in revised form 17.04.24.

Accepted for publication 26.08.24.

TENSE FORMS IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

This article talks about the methodology of teaching tense forms of the verb and their algorithm in the study of the Kazakh language as a foreign language. The main goal in teaching any language is the formation of the communicative competence of the student. Since the Kazakh language belongs to the agglutinative group of languages, the presentation of the material must be consistent. If at the initial level the emphasis is on the communicative method of teaching, then at a more advanced level, special attention must be paid to the structural and semantic features of the language when presenting grammatical material. The tense category of the Kazakh language is one of the most difficult grammatical topics in teaching KazFL. In all this, having studied the works of researchers of the Kazakh language knowledge of the twentieth century, the author presents in the work the distinctive features of not only the form, but also the content of the category of mood and tense form of the verb. This is an auxiliary material in teaching KazFL.

Based on the studies indicated in the article, the author proposes tables of the category of tense and mood of the verb in the Kazakh language, which help to make the process of language acquisition effective.

Thus, the paper presents an algorithm for mastering the categories of tense and mood of the verb in the Kazakh language with a differentiated form and content, based on many years of experience in teaching Kazakh as a foreign language and taking into account studies that show differences not only in the expression of different tense forms, but also due to their semantics.

Keywords: study of the Kazakh language, category of mood and tense of the verb, language study, temporality, algorithm.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz